

БӨЛІМ: TURAN UNIVERSITY / UNIVER / СТУДЕНТ

Қазіргі қазақстандағы ақпараттық мәдениет: фактчекинг және медиасауаттылық

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.12.2025

ТІРЕК СӨЗДЕР

ақпараттық мәдениет, жалған ақпарат, медиасауаттылық, фактчекинг, цифрлық қоғам

СІЛТЕМЕ

<https://bilimger.kz/185675/>**Қантбек Маржан Сәбитқызы**

Алматы қаласы «Тұран» университетінің 1-курс студенті

Гуманитарлық-заң факультеті

Медиа және мәдениетаралық коммуникация жоғары мектебі

журналистика бөлімі

Жетекшісі: **Әлміш Жадыра Талғатқызы**

Аңдатпа: Бұл мақалада қазіргі Қазақстан қоғамындағы ақпараттық мәдениеттің өзгерісі, медиасауаттылық дағдыларының қалыптасуы және фактчекингтің рөлі жан-жақты талданады. Ақпарат ағыны жедел өскен кезеңде фейк жаңалықтардың таралуы, манипулятивті контенттің күшеюі, әлеуметтік желідегі алгоритмдік іріктеу мәселелері азаматтардың ақпараттық қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Зерттеу Қазақстан медиасферасында Factcheck.kz, Stopfake.kz сияқты платформалардың қызметін, олардың жалған ақпаратты анықтаудағы тиімділігін және қоғам санасын қалыптастырудағы маңызын бағалауға бағытталған. Әдебиеттерге шолу арқылы ақпараттық мәдениеттің теориялық негіздері, медиасауаттылық бойынша халықаралық және отандық тәжірибелер, моральдық жауапкершілік ұғымы қарастырылады. Мақалада нақты мысалдар негізінде ақпаратты тексеру әдістері мен қазіргі білім беру саласына енгізудің өзектілігі талданады. Нәтижесінде цифрлық қоғам жағдайында медиасауаттылықты жүйелі оқыту, фактчекинг механизмдерін институционалдандыру және азаматтық жауапкершілікті күшейту бойынша ұсыныстар беріледі.

Кілт сөздер: ақпараттық мәдениет, медиасауаттылық, фактчекинг, жалған ақпарат, цифрлық қоғам.

КІРІСПЕ

Қазіргі цифрлық дәуір ақпаратты өндіру, тарату және тұтыну үдерісін түбегейлі өзгертті. Қазақстан қоғамы да жаһандық ақпараттық кеңістікпен толық бірігіп, жаңа медиа экожүйесінің белсенді қатысушысына айналды. Алайда бұл үрдіс қоғамның ақпаратты сараптау деңгейінің төмендігімен, жалған ақпараттың шектен тыс таралуымен, эмоциялық манипуляцияның күшеюімен қатар жүруде. Сондықтан ақпараттық мәдениет мәселесі, соның ішінде фактчекинг пен медиасауаттылық, бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік дамудың стратегиялық бағытына айналды.

Зерттеудің өзектілігі Қазақстан медиакеңістігіндегі фейк ақпарат көлемінің артуына, әсіресе әлеуметтік желілердің жаңалық таратудың негізгі көзіне айналуына байланысты. Халықаралық зерттеулер жалған ақпарат шынайы жаңалыққа қарағанда 3-5 есе тез таралатынын дәлелдейді. Бұл тенденция Қазақстанда да байқалады: пандемия, геосаяси дағдарыс, саяси реформалар кезеңінде манипулятивті контент ауқымы күрт өсті.

Мақаланың мақсаты — ақпараттық мәдениеттің қазіргі жағдайын талдау, фактчекинг құралдарының маңызын көрсету және медиасауаттылық деңгейін арттыру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар жасау. Зерттеудің жаңалығы ақпараттық мәдениетті тек медиағылым тұрғысынан емес, қоғамдық жауапкершілік, философиялық этика және цифрлық мінез-құлық контекстінде қарастырумен ерекшеленеді.

ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Ақпараттық мәдениеттің теориялық негізін анықтауда ұлттық, философиялық және медиа зерттеулердің үйлесуі маңызды. Қазақстандық зерттеуші Б.Шериязданов демократиялық реформалар мен саяси мәдениеттің қоғамдағы коммуникация сапасына әсерін талдай отырып, ақпараттық жауапкершіліктің мемлекеттік институттар мен азаматтар арасындағы сенім құрудағы басты фактор екенін айтады. Ғалым: «Саяси мәдениет ақпараттық қатынастардың этикалық стандарттарын белгілейді» дейді. Бұл ой медиасауаттылықтың тек техникалық дағдыларға емес, құндылықтық бағдарға байланысты екенін көрсетеді.

Медиасауаттылық мәселелерін нақты талдаған еңбектердің бірі – Б.Қаримова мен А.Рамазан зерттеулері. Авторлар Factcheck.kz және Stopfake.kz платформаларының Қазақстандағы фейктермен күрестегі рөлін талдап, олардың жұмыс принциптерін ғылыми негізде сипаттайды. Олар: «фактчекинг -демократиялық коммуникацияны қорғаудың негізгі механизмі» деген тұжырым жасайды. Бұл көзқарас фейкпен күрес тек технологияға емес, қоғамның ақпаратты қабылдау мәдениетіне байланысты екенін дәлелдейді.

Журналистік этиканы рухани-философиялық тұрғыдан зерттеген А.Т.Белдібекова Қожа Ахмет Ясауи іліміндегі жауапкершілік ұғымын қазіргі ақпараттық кеңістікпен байланыстырады. Зерттеуші «ақпаратты жеткізу – аманат» екенін айта отырып,

медиамадениеттегі адами қасиеттердің әлсіреуін негізгі проблема деп көрсетеді. Бұл контекстте медиасауаттылық тек когнитивті дағды емес, этикалық шешім қабылдау қабілеті ретінде қарастырылады.

Ш.Шакенова цифрлық технологиялар дамуы жағдайында медиасауаттылық құрылымының өзгергенін атап өтіп, алгоритмдер мен жасанды интеллекттің аудитория санасын қалыптастырудағы рөліне назар аударады. Автор «ақпаратты сұрыптайтын алгоритмдер адамның ақпараттық әлемін тарылтады» деген пікір білдіреді. Бұл тұжырым медиа тұтынушыны пассивті қабылдаушы емес, белсенді талдаушы болуы керектігін көрсетеді.

Қазақстан медиакеңістігіндегі фактчекинг тәжірибесін талдаған Г.Әксеит пен А.Қабдуғалиев Stopfake.kz пен Factcheck.kz жобаларының ерекшеліктерін салыстырып, олардың әдістемелік базасын талдайды. Ғалымдар: «Жалған ақпарат тек медианың емес, азаматтық қоғамның да мәселесі» дейді. Бұл пікір фактчекингтің қоғамдық мәдениетке айналу қажеттігін көрсетеді.

Осы зерттеулердің барлығы ақпараттық мәдениеттің көпқырлы құбылыс екенін дәлелдейді: ол медиамадениетті түсіну дағдысы ғана емес, әлеуметтік жауапкершілік, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттың шынайылығын бағалай білу қабілеті және цифрлық ортадағы этикалық нормаларға негізделген күрделі жүйе.

ТАЛҚЫЛАУ

Қазіргі Қазақстанда ақпараттық мәдениеттің төмендеуі мен фейктердің көбеюінің негізгі себептері цифрлық сауаттың әркелкілігі, ақпараттық артық жүктеме, манипуляцияның жаңа түрлері, әлеуметтік желілердегі эмоциялық контенттің басымдығы сияқты факторлармен байланысты. Жастар арасында ақпаратты тек тақырыпқа қарап қабылдау, дереккөзді тексермеу, пікір мен фактіні ажырата алмау жиі кездеседі. Ал аға буын өкілдері көбіне WhatsApp-та тарайтын жалған ақпараттың ықпалына түседі.

Бұл жағдайда фактчекинг құралдарына сұраныс артып отыр. Бірақ оларды қолдану – тек мамандардың емес, барлық азаматтың дағдылар жүйесіне айналуы тиіс. Медиасауаттылықты мектептен бастап, жоғары оқу орнына дейін жүйелі оқыту ақпараттық мәдениеттің қалыптасуына тікелей әсер етеді. Сонымен қатар қоғамда «ақпараттық тазалық» ұғымын бекіту, пікірталас мәдениетін дамыту, ақпарат тұтыну сабыр мен рационалдыққа басымдық беру маңызды.

Фейк ақпаратты анықтау тек технологияға емес, адамның ойлау дағдысына байланысты. Сондықтан медиасауаттылықтың жаңа үлгісі эмоциялық тұрақтылық, ақпараттық гигиена, саналы медиатұтыну, дереккөзді тексеру сияқты қабілеттерді қамтуы тиіс.

НӘТИЖЕЛЕР

Зерттеу нәтижесінде Қазақстанда ақпараттық мәдениетті қалыптастырудың күрделі кезеңде тұрғаны анықталды. Фейктердің таралу жылдамдығы мен аудиторияның дайындық деңгейі арасында үлкен алшақтық бар. Алайда соңғы жылдары қоғамдық медиасауаттылықты дамыту бойынша оң өзгерістер байқалады: фактчекинг платформалары көбейді, БАҚ-та жауапкершілік артып келеді, білім беру саласында медиа және ақпараттық сауат оқыту бағдарламалары енгізілуде.

Мақала нәтижелері фактчекингтің ақпараттық қауіпсіздікке ғана емес, саяси тұрақтылық пен қоғамдық сенімге де әсер ететінін көрсетті. Сондай-ақ ақпараттық мәдениетті арттыруда этикалық журналистика, сапалы коммуникация, білім беру платформаларында жаңа әдістемелерді енгізу тиімді болатыны анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанда ақпараттық мәдениетті дамыту – тек медиасарапшылардың немесе журналистердің емес, жалпы қоғамның ортақ міндеті. Фейктермен күресу үшін фактчекингті жүйелі енгізу, медиасауаттылықты ұлттық деңгейде оқыту, азаматтардың ақпараттық жауапкершілігін арттыру қажет. Цифрлық қоғамда ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті тұлғаның әлеуметтік капиталын анықтайтын негізгі көрсеткіштердің біріне айналып отыр. Сондықтан медиасауаттылық білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналып, фактчекинг мәдениеті қалыптасқан жағдайда ғана қоғам ақпараттық тұрақтылыққа қол жеткізе алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Шериязданов Б. Еліміздегі демократиялық реформалар және саяси мәдениеттің билік пен қоғам арасындағы байланысқа әсері // *Journal of Central Asian History, Culture and Politics*. – 2025. – №1. – Б. 22-31. – <https://centralasia-journal.kz/index.php/jcahscp/article/view/28>

2.Каримова Б.Ж., Рамазан А.Ә. Қазақ журналистикасындағы *Factcheck.kz* және *Stopfake.kz* жобаларының тиімділігі мен ерекшеліктері // *Баспасөз және БАҚ мәселелері*. – 2023. – №2(78). – Б. 41-50. – <https://bulletin-journalism.kaznu.kz/index.php/1-journal/article/view/1671>

3.Белдібекова А.Т. Қожа Ахмет Ясауи ілімі негізінде ақпараттық қоғамдағы журналистердің жауапкершілік мәселелері // *ЕҰУ хабаршысы*. – 2025.-№1(100). –Б. 63-70. <https://buljourn.enu.kz/index.php/main/article/view/797>

4.Шакенова Ш. Цифрлық технологиялардың даму кезеңіндегі медиасауаттылық мәселелері // *Баспасөз және БАҚ мәселелері*. – 2024. – №3(85). – Б. 55-61. – <https://bulletin-journalism.kaznu.kz/index.php/1-journal/article/view/1920>

5.Әксейіт Г.М., Қабдуғалиев А.К. Қазақстан медиакеңістігіндегі жалған ақпараттармен күрес тәжірибесі // ЕҰУ хабаршысы. - 2023. - №2(95). - Б. 47-53. - <https://buljourn.enu.kz/index.php/main/article/view/148>

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.